# Арқалықтың жаңа әкімі - Эльдар КҮЗЕНБАЕВ

**Қаламызға жаңа басшы тағайындалды. Эльдар ҚОНЫСБАЙҰЛЫН қала активіне Қостанай облысы әкімінің орынбасары Сергей КАРПЛЮК таныстырып, алдағы істеріне сәттілік тіледі. – Арқалық қалалық мәслихаты депутаттарының келісімімен, Қостанай облысының әкімі Архимед БЕГЕЖАНҰЛЫ Арқалық қаласына КҮЗЕНБАЕВ Эльдар ҚОНЫСБАЙҰЛЫН басшы етіп тағайындап отыр.**



Эльдар ҚОНЫСБАЙҰЛЫ өз жұмыс жолында жақсы жағынан танылған әкім. Алдына мақсат қоя білетін, бастамашыл, талапшыл басшы. Мен жаңа әкімдеріңіздің алдағы жұмысына сәттілік тілей отырып, Арқалық оған туған жеріндей болып кетеріне сенім білдіремін. Арқалықтың жоспарлаған жұмыстары толықтай жүзеге асуы үшін, әкімдеріңізге қолдау білдіріп, бірлесе жұмыс жасауға шақырамын ,- деді Сергей АЛЕКСЕЙҰЛЫ.

Бұған дейін қаламызды басқарған Амантай КӘКІМБЕКҰЛЫ облыс басшысының өкімімен Сарыкөл ауданына әкімдікке тағайындалған болатын. Өз кезегінде Амантай БАЛҒАРИН де мінберден сөз алып, өзімен ауызбіршілікте жұмыс жасасқан арқалықтықтарға ризашылығын білдіріп, жаңа ауданға басшылыққа жіберген Архимед МҰХАМБЕТОВКЕ алғысын айтты. Жаңа әкімнің жұмысына сәттілік тіледі.

Қариялар атынан Орекен АЛМАТОВ ақсақал сөз алып, Амантай КӘКІМБЕКҰЛЫНЫҢ жұмысына қанағаттанатынын жеткізді. Амантай БАЛҒАРИННЫҢ әсіресе Кейкі бабамыздың бас сүйегін әкелу сынды рухани салада еңбек жасағанын тілге тиек етті. Сонымен бірге жаңа әкімнің алдағы жұмысына береке тілеп, «Рухани жаңғыру» шаралары қолға алынып жатқан бүгінгідей уақытта қаламызда мемлекеттік тілдің салтанат құруына жағдай жасау керектігін кеңес етті.

Эльдар КҮЗЕНБАЕВ та өзіне сенім білдіріп Арқалыққа әкім қылған өңір басшысына рахмет айтып, бар күш – жігерін қаламыздың дамуы жолына жұмсайтынын мәлім етті.

Эльдар ҚОНЫСБАЙҰЛЫ 1982 жылы 7 наурызда Қостанай облысы Наурызым ауданының Дәмді ауылында туған. Білімі – жоғары, 2002 жылы А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетін «құқықтану» мамандығы бойынша, 2005 жылы М. Дулатов атындағы Қостанай инженерлік-экономикалық университетін «қаржы» мамандығы бойынша аяқтаған. Еңбек жолын 2002 жылы Қостанай облысының Соттар әкімшісінің жетекші маманы болып бастап, сот атқару өндірісі жүйесінде 2006 жылға дейін әртүрлі қызметтер жасаған. 2006 жылдан бастап - «Қарабалық ауданының әділет басқармасы» ММ бастығы, 2008 жылдан - «Қостанай ауданы әділет басқармасы» ММ бастығы, 2010 жылдан – Ұзынкөл ауданы әкімінің орынбасары және 2013 жылдан бері Сарыкөл ауданының әкімі болған.

Дархан
**АМАНТАЙҰЛЫ**